

**Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 440-V ҚРЗ

2014 жылғы 15 тамызда Мәскеуде жасалған Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісім "Осы Келісімнің күші Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының көлік құралдарына, өздігінен жүретін машиналарына және техникасының басқа да түрлеріне және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының көлік құралдарына қолданылмайды." деген ескертпемен ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н.Назарбаев

**Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі Кеден одағына мүше мемлекеттердің үкіметтері, 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кедендік одақты қалыптастыру туралы шартты, 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартты негізге ала отырып,

көлік құралдарының (көлік құралдары шассиінің), өздігінен жүретін машиналар мен техниканың басқа да түрлерінің Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында еркін айналысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау және көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспорттарын бірыңғай нысандар бойынша ресімдеу тәртібін айқындау мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісім мынадай мәселелерді реттейді:

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында жасап шығарылған және Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында тіркелуге жататын көлік құралдарына (көлік құралдарының шассиіне), өздігінен жүретін машиналарға және техниканың басқа да түрлеріне берілетін көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын қолдану;

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында мемлекеттік тіркелуге жататын көлік құралдарына (көлік құралдарының шассиіне), өздігінен жүретін машиналарға және техниканың басқа да түрлеріне ресімделетін көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын қолдану.

## 2-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер мынаны білдіреді:

"көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассиінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттары жүйелерінің әкімшісі" - көлік құралдары электрондық паспорттарының (көлік құралдарының шассиі паспорттарының) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарының жүйелерін пайдалануға енгізуді, пайдалануды, өнімділікті оңтайландыруды, қол жеткізуді қамтамасыз ету мен бақылауды, қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, техникалық қамтамасыз ету мәселелерін қадағалауды, жүйелерге қатысушылармен және билік органдарымен өзара іс-қимыл жасасуды, осы жүйелерге жаңа қатысушыларды қосуды, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің осы жүйелер функциялары саласындағы заңнамасын үндестіру үшін қажетті шараларға бастамашылық жасауды қоса алғанда, осы жүйелерді жобалау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіру функциясы жүктелген ұйым;

"өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің паспорты" - жұмыс көлемі 50 текше см асатын іштен жану қозғалтқышы немесе ең жоғары (жиынтық) қуаты 4 кВт-тан асатын электр қозғалтқышы(тары) бар тракторларға, өздігінен жүретін жол-құрылысы, коммуналдық, ауыл шаруашылығы машиналары мен жер үстінде рельссіз жүретін басқа да механикалық көлік құралдарына (жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарымен жүруге арналған, ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына 50 км асатын автмотокөлік құралдарын қоспағанда) және

олардың тіркемелеріне берілетін паспорт;

"көлік құралының паспорты (көлік құралы шассіінің паспорты)" - жұмыс көлемі 50 текше сантиметрден асатын іштен жану қозғалтқышы немесе ең жоғары (жиынтық) қуаты 4 кВт-тан асатын және (немесе) ең жоғары конструктивтік жылдамдығы сағатына 50 км асатын электр қозғалтқышы(тары) бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарымен жүруге арналған автотокөлік құралдарына және олардың тіркемелеріне берілетін паспорт (шассі тұтынушыларға жеткізіп берілетін жағдайда көлік құралының шассііне берілетін паспорт);

"көлік құралдарының электрондық паспорттарының (көлік құралдарының шассіі паспорттарының) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарының жүйелері" - есептеуіш және коммуникациялық жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді, лингвистикалық құралдарды, ақпараттық ресурстарды, жүйе персоналын және осы жүйелерде белгіленген қағидалар бойынша өзара іс-қимыл жасайтын, сондай-ақ осы жүйелердің белгіленген функцияларын орындаудың ақпараттық технологиясын іске асыратын қатысушылар мен пайдаланушыларды қамтитын құрылымдалған кешендер;

"өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорты" - өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінде осы Келісімге сәйкес белгіленген тәртіппен ресімделген өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің паспорты;

"көлік құралының электрондық паспорты (көлік құралы шассіінің паспорттары) - көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассіінің паспорттары) жүйесінде осы Келісімге сәйкес белгіленген тәртіппен ресімделген көлік құралының паспорты (көлік құралы шассіінің паспорты).

### **3-бап**

Көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассіінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттары жүйелерінің жұмыс істеу тәртібін Еуразиялық экономикалық комиссия айқындайды.

Көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассіінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу қағидаларын, олардың құрылымы мен форматын Еуразиялық экономикалық комиссия бекітеді.

Көлік құралдарының электрондық паспорттарының (көлік құралдарының шассіі паспорттарының) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарының жүйелері қолданысқа енгізілгенге дейін көлік

құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандары қолданылады.

Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарына қойылатын негізгі талаптарды, оларды толтыру тәртібін және көлік құралдары паспорттарының (көлік құралдарының шассиі паспорттарының) және өздігінен жүретін машиналар және техниканың басқа да түрлері паспорттарының бланкілері туралы мәліметтер алмасу тәртібін, сондай-ақ оларды қолдануды бастау мерзімін Еуразиялық экономикалық комиссия бекітеді.

Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын толтыру кезінде "Ерекше белгілер" деген жолда аумағында нақты көлік құралы (көлік құралының шассиі), өздігінен жүретін машина немесе техниканың басқа да түрі Кеден одағына осы мүше мемлекетте белгіленген талаптарға расталған сәйкестігі кезінде бастапқы айналысқа арналған Кеден одағына мүше мемлекет көрсетіледі.

Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын қолдану басталғанға дейін көлік құралдарының паспорттары (көлік құралдары шассиінің паспорттары) осы Келісімнің 8-бабына сәйкес ресімделеді.

#### **4-бап**

Осы Келісімді іске асыру мақсатында көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспорттарын ресімдеуді, оның ішінде көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеуді жүзеге асыратын, Кеден одағына мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының (ұйымдарының) және көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа да түрлерін жасаушы ұйымдардың бірыңғай тізілімі (бұдан әрі - Бірыңғай тізілім) қалыптастырылады.

Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу тәртібін Еуразиялық экономикалық комиссия бекітеді.

Бірыңғай тізілімді қалыптастыруды және жүргізуді Еуразиялық экономикалық комиссия жүзеге асырады.

#### **5-бап**

Көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын қолдану басталғанға дейін көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспорттарын Бірыңғай тізілімге енгізілген, көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін), өздігінен жүретін машиналарды және техниканың басқа да түрлерін жасаушы ұйымдар (бұдан әрі - жасаушы ұйымдар) өздері жасап шығарған көлік құралдарына (көлік құралдарының шассиіне), өздігінен жүретін машиналарға және техниканың басқа да түрлеріне ресімдейді.

Көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын қолдану басталғанға дейін көлік құралдарының паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің паспорттарын Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген жағдайларда Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары (ұйымдары) да ресімдейді.

Көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын 2015 жылғы 1 шілдеден бастап Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары (ұйымдары) және Бірыңғай тізілімге енгізілген жасаушы ұйымдар Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін тәртіппен ресімдейді.

## **6-бап**

Тараптар белгілейтін органдар (ұйымдар) көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарына қойылатын негізгі талаптарға сәйкес көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа да түрлерінің паспортын қорғау элементтеріне қойылатын талаптарды айқындайды және оларды көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын Тараптар мемлекеттері органдарының, өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын Тараптар мемлекеттері органдарының назарына жеткізеді.

## **7-бап**

Көлік құралдарының электрондық паспорттарының (көлік құралдарының шассиі паспорттарының) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарының жүйелері көлік құралдарының электрондық

паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу процесінің бірыңғай серпінді ақпараттық моделін қолдауды қамтамасыз етеді және осы жүйелерге қатысушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін белгіленген функцияларды орындаудың ақпараттық технологиясын іске асырады. Көрсетілген жүйелер арқылы ақпараттық өрістің біртұтастығы, қолжетімділікті бірыңғай бақылау, деректердің қауіпсіздігін, тұтастығын және анықтығын қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай іс-шаралар қамтамасыз етіледі, осы жүйелерге қатысушылармен және билік органдарымен орталықтандырылған өзара іс-қимыл жасасу, көлік құралдарының электрондық паспорттарын (көлік құралдары шассиінің паспорттарын) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттарын ресімдеу кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің заңнамасын үндестіру үшін қажетті қосымша шараларға бастамашылық ету, Тараптар өзара танитын техникалық регламенттердің міндетті талаптарының орындалуын бірыңғай бақылау, сондай-ақ ақпараттың анықтылығын орталықтандырылған тексеру, Тараптардың міндетті талаптарының біртұтастығын қамтамасыз етудің және көлік құралдарының (көлік құралдары шассиінің), өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің сәйкестігін бағалаудың бірыңғай нысандары мен қағидаларын қолданудың орталықтандырылған мониторингі ұйымдастырылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Тараптар мемлекеттерінің бірінің ұйымын көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассиінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналардың және техниканың басқа да түрлерінің электрондық паспорттары жүйелерінің әкімшісі ретінде айқындайды.

## **8-бап**

Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өздігінен жүретін машина және техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын қолдану басталғанға дейін Тараптар айқындайтын Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарын Ресей Федерациясының уәкілетті органы Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының өтінімдеріне сәйкес көлік құралдарын (көлік құралдарының шассиін) Ресей Федерациясына жеткізіп тұру үшін Ресей тарапы айқындайтын тәртіппен Ресей Федерациясы көлік құралдарының паспорттары (көлік құралдары шассиінің паспорттары) бланкілерінің қажетті санымен қамтамасыз етеді.

Көлік құралының немесе көлік құралы шассиінің Ресей Федерациясының дөңгелекті көлік құралдарын техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын, көлік құралының типін мақұлдаудың немесе көлік құралы шассиінің типін мақұлдаудың болуы Ресей Федерациясы көлік құралының

паспортын (көлік құралы шассиінің паспортын) ресімдеу шарты болып табылады.

Ресей Федерациясының көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) бланкісін толтыруды Ресей Федерациясының уәкілетті органы айқындайтын тәртіппен Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының жасаушы ұйымдары жүзеге асырады.

Ресей Федерациясы көлік құралдарының паспорттары (көлік құралы шассиінің паспорттары) бланкілерінің пайдаланылуын есепке алу мен бақылауды Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары жүзеге асырады. Ресей Федерациясының көлік құралдары паспорттарының (көлік құралдарының шассиі паспорттарының) бланкілерін пайдалану туралы мәліметтер алмасуды жүзеге асыру тәртібі Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарымен келісіледі.

## **9-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

Егер Тараптар дауды консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы бір Тарап екінші Тарапқа жіберген ресми жазбаша өтініш келіп түскен күннен бастап 6 ай ішінде реттемесе, онда дауды шешу тәсіліне қатысты Тараптар арасында басқа уағдаластық болмаған кезде, Тараптардың кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін береді.

## **10-бап**

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **11-бап**

Осы Келісім ратификациялауға жатады және қол қойылған күннен бастап 60 күн өткен соң уақытша қолданылады және осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптар мемлекеттерінің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күннен кейін күнтізбелік 5 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жібереді.

2014 жылғы 15 тамызда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осымен осы мәтіннің 2014 жылғы 15 тамыздағы Мәскеу қаласында қол қойылған Көлік құралы паспортының (көлік құралы шанағының паспортының) және өзі жүретін машина мен техниканың басқа түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімнің толық және түпнұсқа көшірмесі екенін куәландырамын:

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін - Беларусь Республикасының Өнеркәсіп министрі Д.С. Катеринич;

Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Б.А. Сағынтаев;

Ресей Федерацияның Үкіметі үшін - Ресей Федерациясының Үкіметі төрағасының бірінші орынбасары И.И. Шувалов.

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссиясында сақталады.

Еуразиялық Экономикалық комиссиясы  
Заң департаментінің  
директоры

В.И. Тараскин

2014 жылғы 15 тамызда Мәскеу қаласында қол қойылған Көлік құралы паспортының (көлік құралының шассиі паспортының) және өзі жүретін машина мен техниканың басқа да түрлері паспортының бірыңғай нысандарын енгізу және электрондық паспорттар жүйелерін ұйымдастыру туралы келісімнің орыс тіліндегі мәтініне дәлме-дәл екенін растаймын.

Инвестициялар және даму министрлігі  
Индустриалдық даму және өнеркәсіптік  
қауіпсіздік комитеті төрағасы

А. Ержанов